

Көсембай негізгі мектебі

Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Күні:30.11.2023 ж

Тақырыбы:Алаш ардақтысы –Спандияр Көбеев.

(Спандияр Көбеевке 145 жыл)

Мақсаты: ұлы жазушы, қоғам қайраткерінің өмір жолы, ойлы еңбектері мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен танысу, тәрбиелік мәнісін ұғыну.

Құндылығы:елінің әдебиетін құрметтейді.

Көрнекілігі:С.Көбеев туралы слайд, қуыршақ театрының сахнасы, қима қағаздар.

Жұмыстың түрі:әдеби қойылым.

Күтілетін нәтиже:ұстаз туралы толық мағұлмат ала отырып, шығармаларымен танысып жатқа айтады. Өзін- өзі басқару дағдыларын меңгереді.

Жүру барысы:

Кітапханашы:Саламатсыздар ма. Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын жағымды атмосфера жасап алайық.

«Балалар достығы» ойыны. Ойын шарты:Балалар шеңбер бойымен тұра қалады. Қолға –қол, иыққа –иық, басқа –бас, құлаққа –құлақ деген кезде жанында отырған балалармен бір –бірінің денелерін түйістіреді. Сонында адамға –адам деген кезде балалар бір –бірімен құшақтасады.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз:«Алаш ардақтысы –Спандияр Көбеев» Біз кешегі де Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылығымен слайд презентация арқылы таныстық.

«Топтастыру» стратегиясы. Спандияр Көбеев кім? Балалардың жауабы.

Биылғы жыл аудармашы, жазушы, педогог ақынға 145 жыл толып отыр екен. Кешегі таныстырылым презентацияға қосымша ақпарат:

Спандияр Көбеевтің өмірі және шығармашылығымен таныстыру.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында Спандияр Көбеевтің көрнекті орны бар. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениеті мен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады. Жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп жас ұрпақты орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулыды. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Ұлы ұстазының мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандады. Спандияр Көбеев 1878 жылы қазан айының 1-інде қазіргі Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Жас баланың үлкен ынтасын байқаған әкесі мен анасы Спандиярды оқытсақ деп армандайды. Осындай оймен жүргенде Сауытбай ауылында мектеп ашылғанын естіп, 1887 жылдың желтоқсан айының 10-ында оқуға баратын болып тіркеледі. Айтылған күні әкесі мен баласы мектепке келгенде Көбей мен Спандиярдың орнына бай баласы алынғанын және бұл мектеп кедейлерге арналмағанын хабарлайды. Осы оқиғаның үстінен түскен Ыбырай Алтынсарин «бұл – қазақ балаларына арналған ортақ мектеп» екенін айтып, С.Көбеевті мектепке оқуға алдыртады.

Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған ауылдық мектепте сауат ашып, Қостанай қаласында мұғалімдер даярлайтын курсты 1901 жылы бітірген. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Ол өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын «Орындалған арман» (1951) атты мемуарлық кітабында баяндады.

Көбеев ұстаздық жұмысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің кластан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіме» деген атпен жеке кітап етіп бастырды. 1912 жылы Спандиярдың «Үлгілі бала» атты кітабы шықты. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін пайдалана отырып ол бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың

ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қызықты қысқа әңгімелер кіргізді.

Балалар мені Дина апайларыңызға барып келемін, соған шейін үйге берген тапсырмаға дайындалыңыздар. Ер балаларға Спандияр Көбеевтің әңгімелерін оқып келуге қыз балаларға өлеңдері мен мысалдарына дайындап келуге бердім. Бектас балаларға бас көз болып үй тапсырмасын сұрай бер.

Кітапханашы шығып кетеді.

Бектас: Кім қандай шығармасына дайындалып келді. Мен өзім Спандияр Көбеевтің «Аю мен бөрене» деген әңгімесін оқып келдім. Соны айтып берейін.

Достар әңгіменің тобықтай түйінін қандай мақалмен жеткізуге болады?

Балалар жаубын айтады. Сосын өз жауабын айтады.

Нұртас: Мен «Атасы мен немересі» әңгімесін баяндап беремін. *(Әңгімені айтып оқушылардан қандай түйін жасайтындарын сұрайды)*

Мархаббат: С.Көбеев «Жетімнің өлеңі» өлеңін жатқа оқиды.

Әбілмансұр: С.Көбеевтің «Шал мен балалар» әңгімесін оқып келдім.

(Әңгімені айтып оқушылардан қандай түйін жасайтындарын сұрайды)

Гүлсая: Мен С.Көбеевтің «Шымшық пен көгершін» атты мысалын жаттап алдым. Соны айтып берейін. Осы әңгімеге мақал – мәтел қандай түйін жасауға болады?

Мейірбол: Мен «Екі соқа» әңгімесін білемін.

(Әңгімені айтып оқушылардан қандай түйін жасайтындарын сұрайды)

Ақбота мен Інжу: С.Көбеевтің «Қасқыр мен мысық» мысалын көлеңке театрында тамашалауға шақырамыз.

Осы кезде кітапханашы келіп балалар тапсырмаға дайынсыздар ма? Сағатына қарап оқушылар уақыт болып балған екен ғой. Осы тапсырмалар негізінде педогог жазушының өмір жолы мен шығармашылығына байланысты «Жылдар сөйлейді» кестесінен болған оқиғалардың жылдарын табуды сұраймын.

Жылдар сөйлейді (слайд арқылы)

Жылдар	Болған оқиға
1878 жыл қазанның 1-і	Спандияр Көбеев Қостанай облысы, Боровский ауданының Ақсуат ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келген.
1887 ж. желтоқсан айында	Алтынсариннің тікелей көмегімен ашылған мектепке барады.
1892-1897 ж.ж.	Болыстық мектепте оқиды.
1899 жылы	Қостанай қаласында ашылған орыс-қазақ екі кластық курсқа түседі.
1901 жылы	Бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады.
1910 жылы	Алғашқы кітабы «Үлгілі тәржімә» Қазан қаласында жарық көреді.
1912 жылы	«Үлгілі бала» оқулық-хрестоматиясы жарық көреді.
1913 жылы	«Қалың мал» романы басылып шығады.

1951 жылы	«Орындалған арман» атты өмірбаяндық шығармасы жарық көреді.
1956 жылы	Өмірден өтеді.

Қорытынды:

1939 жылы С.Көбеев тұңғыш рет Москва қаласына барады, оқу-ағарту саласындағы көп жылдық еңбегі үшін С.Көбеевтің кеудесіне Ленин орденін тағады. Қарт оқытушы Москва радиосынан қазақ мұғалімдерінің атынан сөз сөйлейді. Бұл күндер ұстазға жаңадан мол күш-қайрат, жігер береді. Ұстаз 1944 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алды. Ал, үш жылдан кейін Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының депутаты болды. Ұстазы Ыбырай Алтынсариндей өшпес ізін қалдырып, Қарқын, Құмтөбе, Шолақсай, Қамыстыкөл, Ұялысай, Ақсуат мектептерінің іргетасын қалады. Ал, біз бүгінде Спандияр Көбеевтің артынан мұра болып қалған шығармалары мен еңбектерін оқып өз керегімізге пайдаланып жатырмыз. Біздің де мектептің ұстаздары Ыбырай, Спандияр атамыздай даңқты ұстаз болсын деп тілеп бүгінгі шарамызды аяқтаймыз.



kitaphana_knm



Нравится kalievabibigul9 и ещё 5

kitaphana_knm Жазушы, аудармашы, ақын, педогог Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай "Алаш ардақтысы - Спандияр Көбеев" атты әдеби қойылымды танымдық сағаты өтілді. Мақсаты: ұлы жазушы, қоғам қайраткерінің өмір жолы, ойлы еңбектері мен мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен танысу, тәрбиелік мәнісін ұғыну. Шара барысында оқушылар педогог жазушының әңгімелерін, өлеңдерін, мысалдарын жатқа оқып "Қасқыр мен мысық" мысалын көлеңке театрында сахналады.

Өткізген: Қалиева Б.С

@civil_bilim_bolimi



